



БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

16.04.2021ж. №9
Талдықорған қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Талдықорған

**Алматы облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің «Алматы облысының
аумағында карантин режимі және кейбір шектеу
шараларын күшейту туралы» 2021 жылы
9 сәуірдегі №8 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 104-бабының 2-бөліміне, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы», 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 2021 жылғы 12 сәуірдегі №13 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» қаулыларына сәйкес, Қазақстан Республикасы, оның ішінде Алматы облысының аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциямен сырқаттану жөніндегі, эпидемиологиялық жағдай туралы материалдарды қарап, соңғы 7 күнде Алматы облысының 100 мың тұрғынына шаққанда жағдай саны – 91,1, R саны – 0,94 құрады. **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Алматы облысының аумағында карантин режимі және кейбір шектеу шараларын күшейту туралы» 2021ж. 9 сәуірдегі №8 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы 2.14-тармақшамен толықтырылсын:
«2.14 меншіктің барлық нысанындағы орта білім беру объектілерінің оқушыларын дәстүрлі форматта оқытуды тоқтата тұру және оқытуды қашықтықтан (онлайн) режимге көшіру. Интернет байланысы жұмыс істемейтін немесе үзіліспен жұмыс істейтін шалғай елді мекендерде сыныптарды 25 адамнан

аспайтын жинақтаумен, маскалық режимді және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытуға рұқсат етіледі;»

2) 7-тармақтың 7.21-тармақша алынып тасталсын;

3) 7-тармақ мынадай мазмұндағы 7.24-тармақшамен толықтырылсын:

«7.24 үй-жайда 15 адамнан аспайтындай толтырумен, шахмат тәртібімен отырғызумен, маскалық режимді және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, орта білім беру объектілері оқушыларының білімін бағалау бойынша республикалық олимпиадаларды өткізуге рұқсат беру. Бұл ретте үй-жайларды адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етілген ауаны зарарсыздандыруға арналған аспаптармен (рециркуляторлар, экрандалған бактерицидті сәулелегіштер) жабдықтау ұсынылады».

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы 2021 жылы 19 сәуірден бастап күшіне енеді.

Алматы облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық зерттеу



с 4

Е. Сыдыманов